«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

060011, Атырау қаласы, Б.Құлманов көшесі 148-а үй
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

060011, город Атырау, улица Б.Кулманова, 148-а
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

№ 08-С-30/47
06.03.2018ж.

«Қазақстан жастарының парламенті» ҚБ-нің президенті М.Сейдулханға

Мекен жайы: Шымкент қ., Жибек жолы даңғылы 30,
Тел: 8 7711414030

Атырау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті Сіздің 19.02.2018 жылғы №3424 *(19.02.2018 жылы №3Т-С-30 санмен тіркелген)* «Қалалық ішкі саясат бөлімі» ММ-не *(хабарлама 16.01.2018 жылы жарияланған №2203704-1 «Мемлекеттік тапсырыспен көзделген көрсетілген қызметтерді сатып алу»)* қатысты жазылған арызыңызды қарап, хабарлайды:

ҚР «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қағидасының *(бұдан әрі - Қағида)* 233 тармағында *«ұйымдастырушы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу барысында конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілермен ұсынылатын техникалық ерекшелікті бағалау үшін мынадай өлшемшарттарды көздейді: 1) әлеуетті өнім берушімен ұсынылған жобаның тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігіндегі талаптарына сәйкестігі; 2) әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының Тапсырыс беруші сатып алатын көрсетілетін қызметтерге сәйкестігі (құрылтай құжаттарына сәйкес); 3) Егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізуге сәйкестігі (іс-шаралар атауы және нысаны, өткізу орны мен мерзімі); 4) әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтері; 5) әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы; 6) жобаны іске асыру тиімді қорытындысын бағалау индикаторларының бар болуы»* көрсетілген.

Сондай-ақ, осы тармақтың 1) - 6) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша баллды есептеу конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасына сәйкес есептелінеді.

Осы ретте, конкурстық комиссиямен ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 27 бабына және ҚР «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қағидасының 234 тармағына қайшы тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу үшін егжей-тегжейлі іс-

шара жоспарын берген "Қазақстан жастарының Парламенті" қоғамдық қорына 3 бал берілмей, өтінімі негізсіз бас тартылған.

Осыған орай, ұйымдастырушыға аталған бұзушылықтарды жою жөнінде нұсқама жолданғанын хабарлайды.

Берілген жауапқа қанағаттанбаған жағдайда, ҚР-ның «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңның талаптарына сәйкес, сотқа шағымдануға құқығыңыз бар екендігін қаперіңізге береміз.

Департамент басшысының орынбасары **Б.Анжанов**

Орын:Ж.Ерболұлы
Тел:87122319038